Ғылым таппай мақтанба • Не гордись без знаний

АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІ

№ 6 (133)
маусым
июнь
2014

2002 жылдың тамыз айынан бастап шығады

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің газеті

• 1 мамыр – Бірлік күні

«ДІНІ БАСҚА, ТІЛІ БАСҚА, ТІЛЕГІ БІР»

«Көп ұлтты болуымыз – біздің байлығымыз, мақтанышымыз... Тату елге тыныштық орнайды, бейбіт елде ғана береке болады...»

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

«Бірлік – берекеге, береке – мерекеге жеткізеді»,- деп дана халқымыз айтқандай, 1- мамыр мерекесі келіп те қалды. Міне, тәуелсіз Қазақстан халқы кезекті Бірлік мерекесін тойламақ. 1 - мамыр бұрындары халықаралық ынтымақ күні ретінде мерекеленсе, қазір елімізде өмір сүріп жатқан ұлттар мен ұлыстардың татулығы мен достығы күні ретінде аталады. Қазақстан – Бірліктің Отаны екенін көрсету мақсатында Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Магистратура және PhD докторантура институты, Педагогикалық мамандықтар кафедрасының профессоры Абсатова М.А және «Педагогика және психология» мамандығы 1 курс магистранттарының ұйымдастыруымен Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесіне орай «Діні басқа, тілі басқа, тілегі бір» атты мерекелік іс-шара өтті. Мерекелік іс-шараға Қазақстанға білім алуға келген қытай, ауған, жапон ұлт өкілдері, жапон елінде ширек ғасырға жуық тұрып, отанына келген әнші, композитор Төреғалиұлы Айтмұрат және Институт директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Шілдебай С.Қ, Педагогикалық мамандықтар кафедрасының меңгерушісі Тұрғынбаева Б.А., және кафедра оқытушылары қатысты. Ең

(Басы. Соңы 2-бетте)

• Шағын жинақты мектеп директорлары мен мұғалімдерінің 1 Республикалық слеті

ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРГЕ КӨМЕК

Жаңа бастама – табыс кепілі

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде үстіміздегі жылдың 24-25 сәуірінде Қазақстан Республикасы шағын жинақты мектеп (ШЖМ) директорлары мен мұғалімдерінің «Мәңгілік елге – ақпараттық мектеп – шығармашыл педагог – бәсекелестікке қабілетті оқушы» атты I Республикалық слеті өтті.

Тұңғыш рет ұйымдастырылып отырған республикалық слетте Қазақстан Республикасы шағын жинақты мектеп директорлары мен мұғалімдерінің тәжірибесімен танысу және тәжірибе алмасу үшін әдістемелік алаң құру мақсаты көзделіп, ШЖМ проблемасымен айналысатын педагогтарды біріктіретін инновациялық білім кеңістігін құру; аталмыш мектептің шығармашыл педагогтарын іздеу және қолдау; олардың үздік педагогикалық тәжірибелерін таратуға және тәжірибе алмасуға мүмкіндік жасау, ШЖМ проблемасын шешуге отандық және шетелдік ғалымдарды тарту міндеттері жүзеге асырылды.

Слет жұмысына облыстық білім басқармаларының әдіскерлері, 130-дан астам шағын жинақты мектеп директорлары мен мұғалімдері, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың профессор-оқытушы құрамы мен студенттері қатысты.

Слетті өткізу жоспарына сәйкес «Шағын жинақты мектептерге on-line режимінде қызмет көрсету: қазіргі жайы және нәтижелері» атты көрме ұйымдастырылды. Онда «Білім берудің инновациялық технологияларын жасау және оларды Қазақстан Республикасы On-line режиміндегі шағын жинақты мектептердің педагогикалық үдерісіне ендіру» ғылыми жобасының нәтижелері: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Қазақстан Республикасы шағын жинақты мектеп академиясы» порталы туралы ақпарат және оның материалдары (8 облыстың 14 мектебімен ғылыми

байланысты бейнелейтін макет; ШЖМ мұғалімдеріне арналған оқу құралдары), сонымен қатар АҚ «Хабар» агенттігі арқылы түсіріліп, «Білім» телеарнасы арқылы «On-line мектебі» бағдарламасында көрсетілген 62 шеберлік сынып сабақтарының электронды нұсқалары қойылды.

Слет Ережесіне сәйкес сәуірдің 1-не дейін Қазақстан Республикасы шағын жинақты мектеп директорлары мен мұғалімдері арасында қашықтан «Шағын жинақты мектепті басқарудың үздік педагогикалық тәжірибесі», «Менің үздік сабағым» конкурстары өткізілді. Конкурсқа келіп түскен 12 директор мен 37 мұғалімнің жұмысын Абай атындағы ҚазҰПУ-ның оқу ісі жөніндегі проректоры, философия ғылымдарының докторы, профессор А.Т.Құлсариева басқарған комиссия саралап, нәтижесінде әр конкурс бойынша 6 жұмыстан іріктеліп алынды. Бұларға қоса «ШЖМ-тің креативті басқарушысы – 2014», «Шығармашыл педагог – 2014» номинациялары бойынша үздіктер анықталды.

ШЖМ мұғалімдерінің «Менің үздік сабағым» конкурстық жұмысын бағалауда *жоспардың бірегейлігі, инновациялылығы, ҚР педагогтарының тәжірибесінде қолдану мүмкіндігі, сипаттаудың толықтығы, нақтылығы, технологиялылығы;* ал мектеп директорларының «Шағын жинақты мектепті басқарудың үздік педагогикалық тәжірибесі» конкурстық жұмысын бағалауда *идея бірегейлігі, идеяны берудің бірізділігі мен нақтылығы, ҚР шағын жинақты мектептерін басқару тәжірибесінде қолдану мүмкіндігін көрсететін негізгі қорытындылары* өлшемдері басшылыққа алынды.

«Шағын жинақты мектепті басқарудың үздік педагогикалық тәжірибесі» конкурсының жеңімпаздары боп Ақмола облысы Бұланды ауданы «Никольск орта мектебі» МҚМ директоры С.М.Ержанов (1-орын), Ақмола облысы Атбасар ауданы «Білім беру ШУ орта мектебі» ММ директоры Н.Н.Волкова (2-орын), Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы Ақкозы ОЖББ мектеп-балабақшаның директоры А.М.Айтқалиева (2-орын), Ақтөбе облысы Қобда ауылы Қобда орта мектебінің директоры Г.К.Балгарина

(Басы. Соңы 2-бетте)

28-29 марта 2014 года в КазНПУ им.Абая прошла Международная научно-практическая конференция «Теория целостного педагогического процесса - основа профессиональной подготовки будущего учителя», посвященная 85-летию видного казахстанского ученого, доктора педагогических наук, профессора Хмель Н.Д., чье имя неразрывно связано с историей КазНПУ им.Абая и совпало с юбилейным годом, с 85-летием нашего университета – первого вуза Казахстана.

«Учитель, перед именем твоим...»

Инициаторами проведения конференции выступили: Министерство образования и науки Республики Казахстан, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (кафедры общей педагогики и психологии, национального воспитания и самопознания Института педагогики и психологии).

В конференции приняли участие научные работники, учителя и преподаватели, докторанты, магистранты, аспиранты и специалисты в области профессионально-педагогического образования.

Основные направления работы конференции:

1.Вклад Н.Д.Хмель и её научной школы в теорию и практику профессионально-педагогического образования; 2.Тенденции развития педагогического образования; 3.Психолого-педагогические основы профессиональной подготовки учителя в условиях модернизации образовательного пространства; 4.Инновационные процессы в непрерывном педагогическом образовании; 5.Компетентностный подход в профессиональной подготовке учителя; 6.Инновационные технологии в учебно-воспитательном процессе педагогических вузов.

Формы работы участников конференции: пленарные доклады, секционные обсуждения, мастер-классы.

В программу Конференции вошло свыше 130 докладов представителей Казахстана, России, Кыргызстана, Украины, педагогов более чем из 9 областей нашей Республики и зарубежья: Астана, Алматы, Караганда, Тараз, Шымкент, Петропавловск, Усть-Каменогорск, Семей, Костанай, Актау, Атырау, Актюбинск, Экибастуз, Степногорск, Балхаш, Москва, Смоленск, Сочи, Ростов-на-Дону, Барнаул, Чебоксары, Биробиджан, Бийск, Омск, Самара, Бишкек.

(Продолжение на стр. 3)

С приветственным словом к участникам конференции и гостям выступил ректор университета, академик НАН РК, доктор педагогических наук, профессор, председатель Оргкомитета конференции Серик Жайлауович Пралиев. В своем слове, отмечая вклад ученого, он отметил, что у Надежды Дмитриевны был великий дар – **быть учителем**! Вся ее жизнь педагога, ученого, практика, прекрасного человека является блестящим примером добросовестного, преданного служения великому делу – **воспитанию человека, подготовке учителя!**

(Соңы. Басы 1-бетте)

«ДІНІ БАСҚА, ТІЛІ БАСҚА, ТІЛЕГІ БІР»

алғаш қонақтарды қарсы алу кезінде мерекенің эмблемасы ретінде әрбір қонақтарға гүл тағылды және түрлі түсті көңіл-күй фишкалары арқылы әр топқа отырғызылды.Мерекелік іс-шарамыз бірнеше кезеңдерден тұрды.

Кең байтақ Қазақстанда 130-дан астам ұлт өкілдері тұрып жатыр. Әрине, бұл қазақ халқының ұлылығынан, «Кең болсаң, кем болмайсың» дегендей қазақ халқының пейілінің кеңдігінен басқа ұлт өкілдерінің тұрып жатқан жайы бар. Бірінші кезең – Презентацияны тамашалау:

- **2009 жылдың 25 ақпаны мен 6 наурызы аралығында жүргізілген халық санағы бойынша Қазақстан Республикасының халқы 16 миллион 403 мың адамға жетті және қазақтар – 67 пайызды құрады.**
- **2010 жылдың 1 қазанындағы халық санағы бойынша халық саны 17 200 000 адамды құрайды, қазақтар 75,9 пайыз. Аталған санақ бойынша еліміздегі қала тұрғындарының үлесі 54,1 пайызды, ауыл халқы - 45,9 пайызды құрап отыр.**
- **2010 жылдың 1 қазанындағы халық санағы бойынша халық саны 17 200 000 адамды құрайды, қазақтар 75,9 пайыз. Аталған санақ бойынша еліміздегі қала тұрғындарының үлесі 54,1 пайызды, ауыл халқы - 45,9 пайызды құрап отыр.**

Екінші кезең - «Менің Қазақстаным» атты бейнебаян көрсетілді. Ары қарай сөз алған жүргізушілер Абдишова Ақнұр мен Смайыл Сандуғаш сәлемдесумен бастап, қонақтармен таныстырды. Үшінші кезеңде – тобымыздың магистранттары дайындап түсірген «Қазақстан туралы не білесіз?» деген өзге ұлт өкілдерінің қазақ елінің бауырмалдылығы, татулығы, бірлігі жайлы айтқан сұхбаты көрсетілді. Төртінші кезеңде - Палымбетова Гүлден «My Kazakhstan» атты ағылшын тілінде жазылған өлең жолдарын арнады. Бесінші кезеңде - мерекелік іс-шараға келген қонақтарды үш топқа бөліп, сайыс түрінде жүргізілді. Үш топ үш түрлі формада қағаздан тобымыздың қыздарының нұсқауымен гүл жасап, шығармашылық тапсырма орындады. Жасаған гүлдеріне жүрек жарды, ақ тілектерін жазып топтың өзге мүшелеріне сыйлыққа тарту етті.

Алтыншы кезеңде - өзге ұлт өкілдері қонақтарын ортаға шақырып «Қазақстан» деген сөзге қазақ елі мен өз елдерінің ұқсастығын жазуды ұсынды. Мысалы, ауған ұлтының өкілі айт мерекесі, тойы, ат бәйгесі, яғни көкпары ұқсас екенін, жапон ұлтының өкілі музыкасы, өнері, салт дәстүрінде ұқсастықтары бар екенін жазса, қытай қыздары тойы, кішіпейілділігі мен қонақжайлығы ұқсас деп жазды. Қонақтар қазақ елінің өзге ұлт өкілдерінен айырмашылығы өте көп, керемет ел екенін, осы елде білім алып жатқанына, тұрып жатқанына өте қуанышты екендерін де жеткізді.

Қазақтар Қазақстаннан басқа әлемнің елуден астам елінде өмір сүреді. Қазақтардың негізгі бөлігі Қазақстанмен шекаралас елдерде тұрады. Қазақтардың ең көп диаспорасы Қытайда (2,7 млн), Өзбекстанда (1,5 млн), Ресейде (1,2 млн) шоғырланған. Қазақстан 1991 жылы өз тәуелсіздігін жариялағаннан бері шамамен 1 млн. Этникалық қазақтар елімізге оралды. Келесі кезеңде – «Менің шұғылалы әлемім» тренингі жүргізілді. Қонақтардың алдына үш мемлекеттің (Қазақстан, Түрік, Үндістан) нышаны, белгісі, көрініс ретінде көптеген суреттер таратылды. Қонақтар осы елдердің суреттерін дұрыс ажыратып, әр елге тиісінше іліп шықты. Бұл тапсырманы өте жылдам, әрі дұрыс кафедра оқытушыларынан құралған топ орындады. Қорытынды кезеңде – қонақтарымыздың назарларына әлемдегі ең қызықты сәлемдесудің рәсімдері ұсынылды. Топ сайысы болғаннан кейін қонақтарымыз белсенді араласып, әр елдің сәлемдесуін жылдам тауып отырды. Жүргізушілер алғыс айта отырып, әрі қарай қызықты хабарлама сағатымен жалғастырды:

- Украинада 1 мамыр күні халық алаңда мереке ұйымдастырып, орманда серуен құрып, кәуап дайындайды.
- Оңтүстік Африка республикасында халықтық өнер туындыларының көрмесін ұйымдастырып, төмен бағамен жалпы халыққа арналған тұрмыстық бұйымдар сатылады.
- Сицилияда – жергілікті халықтың сенімі бойынша бұл күні даладан түймедақ (ромашка) теру бақыт әкеледі-міс.
- Британияда 1 мамыр – демалыс күні.

Мерекелік іс-шараның соңында әрқайсысына парақтан қиылған адамның қолы ұсынылды. Үлкен жүрек салынған «Мы за мир, во всем мире» атты тақырыпта жасалынып, қолға өз тілектерін, 1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай тілектерін жазып, хормен «Діні басқа, тілі басқа, тілегі бір» атты мерекелік іс-шарамызға арнайы жазылған әнұран айтылды. Республикамызда тұратын түрлі ұлт өкілдерін бірлік мерекесімен құттықтаймыз! Ең бастысы, ұлтаралық татулық арқасында бүгінде ел тыныш, жұрт аман. Осы берекеміз бұзылмағай. Қазақстанда тұратын барша ұлт арасындағы айнымас достыққа сызат түспесе екен деп тілейміз.

Ақнұр АБДИШОВА,
Ақерке ӘБДІМАНАПҚЫЗЫ,
"Педагогика және психология" мамандығының
1 курс магистранттары

(Соңы. Басы 1-бетте)

Серіктес, ғылыми байланыстағы мектеп директорлары

ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРГЕ КӨМЕК

Жаңа бастама – табыс кепілі

(3-орын), Алматы облысы Қаратал ауданы «Лермонтов атындағы орта мектеп» ММ директоры Л.И.Котова (3-орын), Ақмола облысы Бурабай ауданы Кіндікқарағай орта мектебінің директоры Н.Ғ.Қалқышев (3-орын) атанды.

Шағын жинақты мектеп мұғалімдерінің «Менің үздік сабағым» конкурсы бойынша 1-орынды Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Жолнұсқау негізгі мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Қ.Қ.Кайсарова, 2-орынды Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Имантау орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі А.Ж.Касымова мен Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Еңбек жалпы орта білім беретін мектебінің математика пәні мұғалімі М.Ж.Тлековтер, 3-орынды Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы жалпы білім беретін Ульянов орта мектебінің биология пәнінің мұғалімі О.Ф.Чарикова, Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы жалпы білім беретін Бұлан орта мектеп-балабақша кешені химия пәнінің мұғалімі А.А.Амангалиева, Атырау облысы, Құрманғазы ауданы Гагарин атындағы шағын жинақты мектептің жоғары санатты бастауыш сынып мұғалімі Ш.С.Ержановалар иеленді.

Слетті Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, академик С.Ж. Пірәлиев ашып, слетке қатысушыларды құттықтап, оның жұмысына сәттілік тіледі.

Жоғарыда аталған конкурс жеңімпаздары өз жұмыстарын ортаға салып, бір-біріне сұрақ қойып, тәжірибе алмасты. Әсіресе, Қ.Қ.Кайсарова, М.Ж.Тлеков, О.Ф.Чарикова, С.М.Ержановтардың презентацияларынан оқытудың инновациялық технологияларын ұтымды пайдаланатындары айқын аңғарылды, олардың қазіргі заман талабына сай жұмыс істеп жүргендері көпшіліктің көңілінен шықты.

Бұдан кейін «Білім берудің инновациялық технологияларын жасау және оларды Қазақстан Республикасы on-line режиміндегі шағын жинақты мектептердің педагогикалық үдерісіне ендіру нәтижесі» тақырыбындағы п.ғ.к., доцент Л.А.Лебедеваның баяндамасы бейнефильм арқылы жалғасын тапты. Онда Абай атындағы ҚазҰПУ ұжымының шағын жинақты мектеп проблемасына байланысты ҚазҰПУ ректоры, академик Серік Жайлауұлы Пірәлиевтің жетекшілігімен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасы шағын жинақты мектептері үшін (ШЖМ) педагогикалық кадрлар (5В010200 – БОПӘ бакалавр мамандығы) даярлауда инновациялық технологияларды жүзеге асыруды қамтамасыз етудің ғылыми-педагогикалық және әдістемелік негіздері» және «Білім берудің инновациялық технологияларын жасау және оларды ҚР on line режиміндегі шағын жинақты мектептердің педагогикалық үдерісіне ендіру» тақырыптарындағы іргелі ғылыми жобаларымен айналысып жатқандығы, соған сәйкес портал материалдары, бейне сабақтар, олардың мазмұны туралы баяндалды.

Слет жұмысы жүргізіліп жатқан кезде бір уақытта үш мектеппен, атап айтсақ, Алматы облысының Есік келді, Ерменсай және Кальпе мектептерімен on line байланыс орнатылып, олардың өткізіп жатқан шеберлік сыныптары көрсетілді. Аталмыш мектептердің бастауыш сынып оқушылары мен мұғалімдері слетке қатысушыларды құттықтап, барлық педагог-мамандардың еңбектеріне табыс тіледі.

Келесі кезекте конкурс жеңімпаздарын марапаттау рәсімі басталды. Алдымен мектеп директорларының, содан соң мектеп мұғалімдерінің үздік жеңімпаздары марапатталды. Оларға университет ректорының атынан алғыс хат, ұялы телефон мен гүл шоқтары тапсырылып, лента тағылды.

Жеңімпаздары марапаттау «Қазақстан Республикасы - шағын жинақты мектеп академиясы» порталының серіктес, ғылыми байланыстағы 8 облыстың 14 мектебі директорларын марапаттаумен жалғасты.

Түскі астан кейін жұмыс университеттің Педагогика және психология институты орналасқан (Төле би, 31) №3 оқу ғимаратында жалғасты. Онда алдымен екі конкурсың нәтижесі бойынша номинация иегерлерін институт директорының оқу ісі бойынша орынбасары А.Т.Ақжолова мен мектепке дейінгі және бастауыш оқыту теориясы мен әідстемесі кафедрасының меңгерушісі Ә.Е.Жұмабаева марапаттап, алғыс хат, бағалы сыйлықтар мен гүл шоқтарын табыс етті.

Слетке қатысушылар екі топқа бөлініп, қазақ тобында Қазақ мемлекеттік қыздар университеті теориялық және практикалық психология кафедрасының аға оқытушысы, психол. ғ. кандидаты Н.Ү.Бегалиева «Тұлға аралық қарым-қатынасты дамыту», ал орыс тобында Абай атындағы ҚазҰПУ доценті, психол.ғ.к. Ж.А.Абишева «Телесно-ориентированная психотерапия» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді.

Аталмыш шарадан кейін Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы Алматы қаласы филиалының аға менеджері, тренер, п.ғ.к. А.Д. Рысқұлбекова «Педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жолдары», орыс тілінде Абай атындағы ҚазҰПУ доценті, п.ғ.к. А.Б. Акпаева «Особенности органи-зации учебной деятельности учащихся малокомплектной школы» тақырыбында авторлық оқыту семинарларын жүргізіп, әр тыңдаушыға сертификат тапсырды.

ТМД елдерімен ғылыми байланысты нығайта түсу мақсатында және слеттің жұмысы бойынша ой бөлісу, пікір алмасу бағытында Дағыстан мемлекеттік педагогикалық университеті профессор-оқытушылар құрамымен «Республика шағын жинақты мектептерінің жұмыс тәжірибесі» тақырыбы бойынша on-line режиміндегі дөңгелек үстел өткізілді. Онда әр мемлекет өкілдері өз еліндегі шағын жинақты мектептердің қазіргі таңдағы проблемалары, ондай мектептердегі оқу-тәрбие үдерісін басқару, оны ұйымдастыру, техникалық қамтамасыз етілуі жайлы мәселелер қозғады. Екі жақтың да тыңдаушылары пікірлесе отырып, ортақ шешімге келіп, бір-біріне ризашылықтарын білдірді.

Слеттің соңында әрбір қатысушыға сертификат тапсырылып, олардың осындай республикалық деңгейде өткізілген іс-шараға бір кісідей қатысқандары үшін алғыс жарияланды. Слетке қатысушылар ұйымдастырушыларға алғыс айтты және мұндай слет тұрақты түрде жыл сайын жүргізіліп, республиканың ШЖМ-терімен тығыз байланыс орнатылса екен деген тілектерін білдірді. Олардың өтініштері бойынша мұндай слет жұмыстарының одан әрі жалғасын табатынына келісіліп тарқасты.

Слет делегаттары шағын жинақты мектептердің проблемасына республика деңгейінде алғаш рет көңіл бөлінгенін, осындай шаралардың арқасында ғана мектеп директорлары мен мұғалімдер өзара пікір алмасу, тәжірибе жинақтау, оны тарату мүмкіндіктеріне ие болғанын баса айтты. Осы тұрғыдан алғанда, мұндай әдістемелік жұмыстардың маңызы зор екені белгілі.

Ж.Қ. АСТАМБАЕВА,
Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру теориясы мен әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы

(Начало на стр.1)

На пленарном заседании прозвучал ряд докладов на актуальную тематику по проблеме конференции. Так, в докладе Жампеисовой К.К. «Научная школа доктора педагогических наук, профессора Хмель Н.Д. и ее вклад в развитие педагогической науки Казахстана» отмечается неоценимый вклад Н.Д. Хмель в развитие педагогической науки Казахстана, в развитие кафедры педагогики университета, в профессиональную подготовку специалистов высшей квалификации, раскрываются основные сферы профессиональной жизнедеятельности Хмель Н.Д.

Многогранно научное творчество ученого-педагога как создателя известной в Казахстане и за ее пределами научной школы; руководителя лаборатории «Научные основы учебно-воспитательного процесса в вузе», научного консультанта научно-учебно-методического комплекса «Вуз-школа». Долгие годы Надежда Дмитриевна являлась членом совета, Ученым секретарем, Председателем диссертационного Совета Д.14.05.01. Основной проблемой научных изысканий профессора Н.Д. Хмель было выявление взаимосвязей между особенностями целостного педагогического процесса школы и вуза и содержанием готовности педагога к его реализации. Данная проблема и отдельные ее аспекты нашли отражение в научных работах выполненных под руководством Н.Д. Хмель. Это более 70 докторов и кандидатов педагогических наук, которые успешно трудятся в системе образования нашей Республики.

«Учитель, перед именем твоим...»

Ею опубликовано около 200-х научных трудов, которые являются неиссякаемым источником в поисках стратегии развития системы образования в целом и педагогического образования, в частности.

В пленарном докладе Каргина С.Т. «Педагогические идеи Н.Д. Хмель актуальность, востребованность и перспективность» утверждается, что идеи профессора Н.Д. Хмель находят свое отражение и применение в новых условиях работы школы и вузах.

На секционных заседаниях были заслушаны доклады участников из различных регионов Казахстана и Российской Федерации. Докладчиками были обсуждены такие актуальные проблемы профессиональной подготовки в вузе, как основные тенденции развития системы образования в педагогической практике, успешность профессиональной деятельности, социализация личности студентов, их исследовательская культура, профессионально-педагогическая направленность и практическая готовность будущего специалиста, проблемы их мотивации, развитие профессиональной рефлексии и др. и предприняты попытки выработать стратегическое направление развития системы общего среднего, высшего образования и повышения квалификации на перспективу.

Среди выводов, которые были сделаны участниками данного секционного заседания, одним из основных является вывод о том, что основным направлением в развитии систем образования является использование в практике обучения и воспитания компетентностного подхода, который обеспечит качество образования, конкурентоспособность выпускников различных образовательных учреждений.

Следует отметить, что всю работу 5-ой секции **«Компетентностный подход в профессиональной подготовке учителя»** руководители секции- профессор кафедры национального воспитания и самопознания КазНПУ им.Абая Жампеисова К.К. и зав. кафедрой социальной педагогики и самопознания Евразийского университета им.Гумилева Шалгинбаева Х.К. полностью организовали на теоретической базе целостного педагогического процесса и педагогических идеях Н.Д.Хмель.

В своих выступлениях профессора КазНУ им. Аль-Фараби К.Ж.Кожахметова, Ш.Т. Таубаева особо подчеркнули актуальность и преемственность педагогического наследия Н.Д.Хмель, значение ее теоретических положений в развитие инновационной педагогики и новых технологий обучения, высказали ряд рекомендаций и предложений по сохранению и распространению педагогического опыта известного ученого.

Предложения профессоров поддержал и заведующий кафедрой Института повышения квалификации педагогических работников /г. Петропавловск/ А.К.Иманов, выступивший с докладом по созданию виртуальной лаборатории инновационной компьютерной дидактики в системе профессионального образования.

В этом же контексте было сообщение и учителя «Назарбаев Интеллектуальные школы» И.Г.Коротковой о проблемах и перспективах реализации компетентностного подхода в школьном образовании.

Таким образом, во всех выступлениях, на дискуссионных площадках основной акцент делался на утверждении, что теория целостного педагогического процесса профессора Н.Д.Хмель есть современная теоретическая база профессионализма как вузовского преподавателя, так и школьного учителя.

По результатам секционных заседаний всеми участниками был высказан целый ряд конструктивных **рекомендаций и предложений** по обобщению, сохранению и распространению научно-педагогического наследия известного казахстанского ученого, среди которых такие:

-переиздать труды Н.Д.Хмель для ознакомления студенческой молодежью;
-открыть кабинет или аудиторию имени ученого-педагога Н.Д.Хмель;
-создать электронный учебник Н.Д.Хмель;
-педагогическое наследие ученого включить в тематику дипломных работ, магистерских и докторских диссертаций;
-организовать совместную конференцию по теории целостного педагогического процесса / школа- колледж-вуз/;
-при кафедре педагогики открыть Центр по проблемам высшей школы;
-организовать Республиканский методологический семинар на базе кафедры педагогики;
-к началу 2014-2015 уч.года переиздать учебник «Педагогика» 2005г. авторского коллектива кафедры педагогики на казахском и русском языках на концептуальной основе целостного педагогического процесса, дополнив материалами данной международной конференции, с учетом новых тенденций развития педагогического образования;
-ввести в рабочие учебные планы педагогических специальностей университета элективный курс «Целостный педагогический процесс современной школы».

В завершение хочется привести выдержки из статей и отзывы учеников Н.Д. Хмель:

*Надежда Дмитриевна заслужила такой почет и уважение. Она вообще жизнь отдала этому делу - воспитанию научных кадров и науке вообще. Что касается нас, как говорила Н.Д.Хмель, соответствовать ее высоким идеалам и принципам, соответствовать ее учению о построении отношений с учениками, что я собственно и стараюсь делать. (**Ивахнова Л.А.** д.п.н.,профессор Омского государственного педагогического университета, зав.кафедра изобразительной искусства и методики ее преподавания, Россия).*

*... Большое спасибо за возможность вновь и вновь переживать эти трогательные моменты и воспоминания о Надежде Дмитриевне. Огромная благодарность и наилучшие пожелания всем организаторам. (**Махмутова Зульфия.**,* Институт КНБ, г.Алматы)

*... Хочу выразить Вам и в вашем лице всему орг. комитету во главе с ректором университета, всем ученикам Надежды Дмитриевны большое человеческое спасибо! Пусть Ваши ученики будут такими же благодарными, как и Вы! (**Кожахметова К.Ж.,*** д.п.н., профессор, КазНУ им.аль-Фараби, Алматы)

*... Спасибо за прием и организацию конференции! Было приятно видеть снова видных ученых и ощутить чувство гордости за казахстанскую педагогику в лице кафедры педагогики КазНПУ им.Абая!!! Удачи! (**Иманов А.**.* к.п.н., доцент Института повышения квалификации педагогических работников по североказахстанских области, г.Петропавловск)

*... Конференция прошла на высочайшем этическом, научном и методическом уровне. (**Мурзалинова А.Ж.,*** д.п.н., профессор, директор, директора филиала Национального центра повышения квалификации «Орлеу», г.Петропавловск)

*... Очень приятно было снова увидеть всех вас, наших коллег. Как здорово, что Вы все это смогли организовать и поднять. Память о нашем общем Учителе всегда будет с нами, и я с благодарностью вспоминаю и говорю о Надежде Дмитриевне, когда лекции читаю своим студентам. От души поздравляю Вас с успехом, действительно, и нас охватила светлая печаль... (**Илларионова Л.П.,*** д.п.н., профессор Российского государственно-социального университета, г. Москва)

*... Спасибо за радушный прием, оказанное нам внимание, за четкую организацию и содержательность проведенной конференции. Высылаю некоторые фотографии. Это счастливые моменты! Душу греют воспоминания о нащих встречах, общении. Рада открытию славных людей! Передавайте, пожалуйста, всем привет от нас. Будьте здоровы, успешны! Пусть все задумки осуществляются! С признательностью, искренне Ваши, Юрий Васильевич и Марина Николаевна. (**Сенько Ю.В.,*** д.п.н., профессор Алтайского государственного университета, академик РАО, **Фроловская М.Н.,** д.п.н., профессор Алтайского государственного университета, г. Барнаул, Россия)

Таким образом, международная научно-практическая конференция «Теория целостного педагогического процесса – основа профессиональной подготовки будущего учителя», посвященная памяти профессора Надежды Дмитриевны Хмель стала открытой и независимой трибуной для диалога, для обсуждения учеными, практиками различных вопросов не только профессионально-педагогического образования, но и образования в целом, формирования личности современного педагога**,** инновационных процессов в непрерывном образовании.

А.Д. КАЙДАРОВА,
д.п.н., профессор,академик МАНПО РФ,зам.главного редактора журнала «Педагогика и психология»

УНИВЕРСИТЕТ ТЫНЫСЫ

«ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

2007 жылы Елбасы «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасын ұсынған болатын. Елбасы өзінің осы Жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі», – деп атап көрсетті.

Көптілді білім беру қазақстандық білім беру жүйесінің барлық салаларында жаппай кезең-кезеңмен жүзеге асырылуда. Соның бір дәлелі – жуырда Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде Практикалық тілдер және Қазақ тілі теориясы мен әдістемесі кафедраларының ұйымдастыруымен өткен *«Тілдерді оқытудың өзекті мәселелері»* атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Конференцияда төмендегідей мәселелер күн тәртібіне қойылды: қазақ тілінің көптілді дара тұлға қалыптастырудағы жетекші рөлі; тіларалық қарым-қатынас барысында коммуникативтік, лингвистикалық, әлеуметтік-лингвистикалық құзыреттіліктерді қалыптастыру; лингвистикалық зерттеулердің қазіргі парадигмасы: теориялық және қолданбалы тіл білімі; жаһандану жағдайындағы тілдерді оқыту мәселесі; тілдерді оқытудағы инновациялық білім беру технологиялары мен әдістемелік кешендер.

Аталмыш конференция жұмысын университеттің Ғылыми ісі жөніндегі проректоры **В.Н.Косов** ашып, конференцияның ұйымдастырылуына ұйытқы болған Филология және көптілді білім беру институтының директра **Т.Т.Аяповаға** сөз кезегін берді.

Пленарлық мәжілісте «Тілдерді оқытудың өзекті мәселелері: теория және әдістеме парадигмалары» атты баяндама авторы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Ф.Ш.Оразбаеваның,** «Интегративный подход в обучении языкам» атты орыс тіліндегі баяндама авторы, филология ғылымдарының докторы, профессор **Л.К.Жаналинаның**, «Лингвокультурология: типология лингвокультурем» баяндамасының авторы, филология ғылымдарының докторы, профессор **З.К.Ахметжанованың** көтерген тақырыптарының өзектілігі және заман талабына дөп келетіндігі атап өтілді, бұл баяндамалардың қай-қайсысы мазмұны жағынан конференцияға қатысушылар тарапынан қызығушылық тудырды.

Сонымен бірге конференцияға **Мысыр, Түркия, Иран, Ислам мемлекеттерінен, Қытай Халық Республикасынан, Ресейден** және басқа да алыс-жақын шетелдерден келген қонақтар мен ғалымдар қатысып, өз пікірлерін ортаға салды.

Конференция тақта баяндамалар мен секция жұмыстарына жалғасты.

Г.П. ШАҺАРМАН, меңгерушісі,
Г.З. ЖАБАҒИЕВА, аға оқытушы

БІЛІМ САЙЫСЫ ӨТТІ

Таяда Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде Академик Т.С. Садықов атындағы Қазақстан тарихы кафедрасының ұйымдастыруымен «Мәңгілік Қазақ елі – менің мемлекетім» атты білім сайысы университеттің №5 жатаханасының оқу залында өтті.

Білім сайысын кафедра меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, жоба авторы Айткүл Махаева ашып, былай деді: «Оқу-білім қазіргі таңда мемлекетіміздің иновациялық дамуының басты нәтижесі болып отыр. Сондықтан да бүгінгі білім сайысының мақсаты жастардың тарихи білімін арттыра түсу, білімді де білікті жастарды қолдау және өзгелерге өнеге ету». Содан соң ҚР ҰҒА академигі, бүгінде 85 жасқа толып отырған қарт тарихшы-педагог М.Х. Асылбеков сайысқа қатысушы жастарға ақ-тілек батасын беріп, «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Елбасы жолдауының маңызын айтып берді.

Білім жарасы барысында Тарих факултеті мен Филология және көп тілді білім беру институтының 1-2 курс студенттері өзара сайысқа түсті, ал Құқық және экономика институты, Математика, физика және информатика институтының студенттері көрермен ретінде қатысты. От ауызды орақ тілді жүргізулер 1- курс студенті Талғат Бектұрсынов пен педагогика ғылымының магистрі Алтынай Оспанова сайыс көрігін қыздыра түсті.

Көпшілік назарына төмендегіше қызықты бағдарлама ұсынылды:

1.«Білімді мыңды жығады». Қазақстан тарихы бойынша сұрақтар.
2.«Ғалымның хаты өлмейді». Тарихшы-зерттеушілер туралы фото-сауалдар.
3.«Жер – мемлекеттің негізі». Тарихи-географиялық атауларға анықтама беру.
4.«Тарихи жылдар да сөйлейді». Хронология бойынша сұрақтар.
5.«Халық тарих толқынында». Қазіргі Қазақстан тарихы бойынша сөзжұмбақ.

Білім сайысыныңа ҚР ҰҒА академигі А.Х. Асылбеков, профессор Ә.Н. Құдайбергенов, профессор Ж. Нұрмағанбетқызы, доценттер Ж.Ә. Құдайбергенова және Т.Т. Далаева, археолог А.А Нұржанов төрелік етті.

Сайыс сұрақтары Елбасымыздың «Үщ тұғырлы тіл» саясатына орай үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) қойылды. Қатысушы студенттер білімдерін сынаумен қатар, өзара танысып, пікір алысты.

Білім сайысын қорытындылау үшін тарих факультетінің деканы Болат Жұмағұлов сөз сөйлеп, Төлеу Алмас, Мұхамбеков Төрехан, Мұсалім Шолпан, Сайлаубекова Айнұр, Налдибекова Диана, Төребаев Мұрат, Қырықбаев Ринат, Мұратов Берікбол, Рахманова Азиза және т.б. студенттерді мақтау қағазымен және бағалы сыйлықтармен атап өтті.

Шара соңында «Бұл сайыс алғаш рет ұйымдастырылып отыр. Сондықтан дәрежесін республикалық деңгейге жеткізу мақсатымыз бар» - деді А.Ш. Махаева.

Шолпан ШЫНЫБЕКОВА,
биология ғылымдарының кандитаты

«ШЫҒЫСТАНУ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУ ҒЫЛЫМЫ ӘЛЕМДІК КЕҢІСТІКТЕ»

25 сәуірін де Магистратура жәнеPhD докторантура институтында Филология мамандықтары кафедрасының ұйымдастыруымен Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-Түрік» еңбегіне 940 жыл толуына орай «ШЫҒЫСТАНУ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУ ҒЫЛЫМЫ ӘЛЕМДІК КЕҢІСТІКТЕ» атты Республикалық ғылыми – танымдық семинар өтті. Жиынды МжДИ филология мамандықтары кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор, Р.Ә.Шаханова құттықтау сөз сөйлеп ашты. Осы басқосуда Өтеген Күмісбаев, Клара Хафизова, Баян Жұбатова, Бақытжан Хасанұлы, Бақыт Әбжет, Нәпіл Базылхан, Төрәлі Қыдыр, Бәтіш Атабай, Спандияр Ақаев, Болатбек Батырхан, Қаламқас Қалыбаева, Алтынай Тымболова, Қалбике Есенова, Берік Аташ, Жанымхан Ошан және т.б. шығыстанушы-ғалымдар баяндама жасап, көпшілік көңілінен шықты. Семинардың мақсаты – шығыстану және оның ішінде түркітану ғылымының әлемдік кеңістіктегі орнын бүгінгі күн тұрғысынан бағамдау, сараптау. Жиынның алға қойған міндеттері:

- Түркі әлемінің кешегі және бүгінгі тарихына шолу жасау;
- Шығыстану және түркітану ғылымдарының өзекті мәселелерін айқындау;
- Шығыстанушы, түркітанушы ғалымдардың мұраларын зерделеу және олардың аударылу мәселелері;
- Түркітану ғылымының социолингвистикалық тетіктерін саралау.

Басқосуға жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылары, ғылыми-зерттеу орталықтарының жетекші мамандары, докторанттар мен магистранттар, шығыстанушы-ғалымдар қатысты.

Жылбек СЕНБЕКҰЛЫ

•Құттықтаймыз!

ДАРЫНДЫЛАРДЫ ДАРАЛАҒАН ОЛИМПИАДА

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті тарих факультетінің «Ұлы дала айбыны» командасы студенттердің VI Республикалық пәндік олимпиада жүлдегері атанды.

«Тарих» мамандығы бойынша студенттер арасындағы пәндік олимпиада 2014 жылдың 27-29 наурыз аралығында Қызылорда қаласындағы Қорқыт Ата мемлекеттік университетінде өткізілді.

Студенттердің сайысына сәттілік тілеген Университет проректоры Абай Жүнісовтің: «Мықты ел-ол білімді ел. Біздің мықты еліміздің ертеңі-сендерсіндер, олар бүгінгі жастар. Сендерге үлкен үміт артып, сеніммен қараймыз!.. » деген сөздері жас тарихшыларға қанат бітіріп, оларды алға, білім шыңына жетелегендей әсер қалдырды.

Аталған олимпиадаға еліміздің түкпір-түкпірінің жоғарғы оқу орындарынан келген 21 командадан құралған 70 студент қатысты. Олимпиаданың бірінші турында студенттер «Алаш қозғалысы-Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында эссе жазып, тарихи деректерді бүгінгі таңдағы оқиғалармен байланыстыра отырып өз ойларын ашық жеткізіп, тарих беттерінен сыр шертті. Екінші турда жас тарихшылар «Тарих толқынындағы халық» мазмұнындағы еркін тақырыпта ғылыми жобаларын қорғап, жобаның мақсат-міндеттері мен өзектілігін, ғылыми жаңалығы мен құрылымын таныстырып, ғылым мен білім, ақыл мен парасат, ой ұшқырлығы мен сөйлеу шешендігімен сынға түсті. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің «Ұлы дала айбыны» командасы сонау ағa буыннан айтылмай келген ақиқатты ашып, кейінгі ұрпаққа мұра ету мақсатында Ұлт санасын оятқан Хан Кененің жападан-жалғыз бас болып, он жыл бойы азаттық үшін жанталасып күресуіндегі ұлттық сананы оятуын Е.Бекмаханов еңбектірімен сабақтастыру, өмірімен байланыстыру және келешекте күтілетін нәтижелерге баға беру бағытында «Ұлт санасын оятқан ұлы тұлға» тақырыбында ғылыми жоба қорғады.

Қазылар алқасы археология, этнология, өлкетану және Отан тарихы туралы қатысушылардың ұсынған ғылыми зерттеулерінің жаңашылдығын атап өтті. Үшінші тур-да студенттер «Қазақстан тарихы», «Әлемдік тарих» пәндерінен тест тапсырды.

Міне, олимпиада қорытындысын жариялайтын сәтте жақын. Қорқыт Ата Университетінің жастар сарайында олипмпиаданың жабылу салтанаты мен жеңімпаздарды құттықтау кеші басталып та кетті. Қазылар алқасының шешімі бойынша: үшінші дәрежелі дипломмен Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің командасы, Х.Домұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті және «Мырзашөл қырандары» Сырдария университеттері бөлісті, ал ал екінші дәрежелі диплом Қ.А.Яссауй атындағы Халықаралық қазақ-түрік университтінің «Яссы», Павлодар

мемлекеттік педагогикалық университетінің «Сарыарқа» командаларына тапсырылды. Бірінші дәрежелі диплом мен олипиаданың ауыспалы кубогын «Ұлы дала айбыны» атты Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің командасы жеңіп алды.

Республикалық пәндік олипиада жүлдегерлері Қазақстан республикасы білім және ғылым министрінің арнайы дипломдарымен марапатталатынын хабарлады. Сондай-ақ, олимпиаданың басқа да қатысушыларына ректордың атынан «Алғыс хатпен» және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Жоғарыда аталған үш тур бойынша да үздіктер танылып, номинация бойынша марапатталды.

Толқыныс пен үмітке толы мазасыз сәттер артта қалып, Университетке үлкен қуанышпен оралдық. Осы пәндік олимпиадада бізге, яғни, Нұрмұхан Еңлік, Әлімқұл Әнетбек және Шәкен Мадиярға жетекшілік етіп, биік шыңдарға жетелеген ұстаздарымыз тарих ғылымдарының докторы, профессор К.М.Төлеубаева, педагогика ғылымдарының кандидаты Ғ.Б.Ахатаева ға, сондай-ақ факультеттің оқытушылар құрамына зор алғыс білдіреміз. Бұдан ары қарай да Университетіміздің жеңіс жалауын ұдайы желбіретуге өз үлесімізді қосамыз.

Еңлік НҰРМҰХАН,
тарих факультетінің 2 курс студенті

ЕЩЕ РАЗ О НЕОБХОДИМОСТИ ОБУЧЕНИЯ МОЛОДЕЖИ КУЛЬТУРЕ ЗДОРОВЬЯ

Одним из самых актуальных и проблемных вопросов современного казахстанского общества является противоречие между потребностью государства в физически, психически и нравственно здоровом населении и печальной статистикой, прямо указывающей, что реальные показатели здоровья казахстанцев находятся на чрезвычайно низком уровне. Проведенные социологические исследования и скрининговые обследования выявили весьма тревожную статистику по показателям распространенности вредных привычек среди подростков и молодежи. Так, показано, что распространенность табакокурения среди детей старше12 лет составляет около 23 %, потребления алкоголя в опасных дозах – 18,1%, избыточной массы тела в результате нарушения питания – 37 %, из них с ожирением – 7,7%, низкого уровня физической активности – 13,3%.

Следует учитывать тот факт, что 70-80% бюджета здравоохранения тратится на лечение хронических заболеваний и пациенты, страдающие хроническими заболеваниями, являются интенсивными потребителями медицинских услуг. Смерть в раннем возрасте, жизнь с хроническим заболеванием или инвалидностью приводит к тяжелым экономическим последствиям для семьи и общества.

Не смотря на то, что в Республике Казахстан принята Программа «Здоровый образ жизни» на 2008 – 2016 годы Пункт 137 Указа Президента Республики Казахстан от 6 апреля 2007 года № 310 «О дальнейших мерах по реализации Стратегии развития Казахстана до 2030 года», целью которой является оздоровление населения и увеличение средней продолжительности жизни, и предусмотрено решение таких задач как содействие здоровому образу жизни, укреплению здоровья, развитию потенциала здоровья населения и формированию культа здоровья и создание комплексной, непрерывной и устойчивой системы формирования здорового образа жизни, приходится констатировать тот факт, что выполнение этой Программы зачастую сталкивается с непониманием всей важности данной проблемы.

Напряженность современного учебного процесса, как правило, идет в разрез с физиолого-психологическими возможностями детского и юношеского организма, что в конечном итоге приводит к срыву функциональных систем развивающего организма, появлению нервно-психических, сердечно-сосудистых заболеваний, ожирению и их последствиям. Неблагополучная экологическая ситуация, сложившаяся в РК, высокий уровень заболеваемости детей, и интеграционные процессы в педагогике в совокупности ставят систему образования перед необходимостью внедрения воспитания культуры здоровья как важнейшей стратегической составляющей целостного педагогического процесса.

Возникает парадокс – например, преподавание внедренного с 1998 года в организациях системы образования на всех уровнях предмета «Валеология» уже к 2006 году снижается в школах до 72%, а на последующих уровнях обучения – до 10%. Также данная дисциплина исчезает из преподаваемых в ВУЗах, в частности, педагогических университетов. И введение никаких альтернативных дисциплин не предусмотрено. Но поскольку именно школа является одним из важных инструментов воспитания культуры здоровья, прежде всего, необходимо обучение самих педагогов. Важно, чтобы они владели знаниями в области ЗОЖ, умели научить детей, сами применяли эти знания в жизни, заботились о своем здоровье и здоровье окружающих. Обучение самих будущих учителей основам ЗОЖ поможет им квалифицированно организовать в школе воспитательный процесс, и послужит основой эффективного образования учащихся. Разработка и создание эффективной системы ЗОЖ в РК призвана «кардинальным образом содействовать оздоровлению нации и переходу Казахстана к устойчивому развитию». Одним из подходов усиления процесса формирования ЗОЖ является обеспечение его непрерывности, которая достигается внедрением принципа «образование и укрепление здоровья на всю жизнь». А для этого просто необходимо уже сейчас во всех образовательных программах педагогических ВУЗов предусмотреть преподавание дисциплин, формирующих и воспитывающих культуру здоровья.

In sano corpore sana mens! В здоровом теле здоровый дух!

Г.К. ТАШЕНОВА,
к.б.н. старший преподаватель кафедры анатомии, физиологии, гигиены и безопасности жизнедеятельности ИЕиГ

«КАЗАХСТАН В МЕЖДУНАРОДНОМ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОСТРАНСТВЕ» – КОНФЕРЕНЦИЯ ДЛЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

Кафедра русской филологии для иностранцев института филологии и полиязычного образования Казахского национального педагогического университета имени Абая 4 апреля 2014 г. провела VI Международную научную конференцию молодых ученых «Казахстан в международном образовательном пространстве». За 6 лет география конференции представлена такими странами: США, Германия, Россия, Украина, Кыргызстан, Афганистан, КНР, Турция, Республика Корея, Иран, Испания, Казахстан. В этом году на конференцию поступило 127 докладов, авторами которых являются учителя школ, учащиеся колледжей, магистранты, докторанты PhD, студенты из разных регионов Казахстана: городов Астаны, Алматы, Петропавловска, Павлодара, Кокчетава, Тараза, Шымкента, Усть-Каменогорска, Семея, Кустаная, Кызыл-Орды, Талдыкоргана, Актобе, Актау, Алматинской области. Молодые ученые представляют следующие вузы:

1. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті;
2. Восточно-Казахстанский государственный технический университет имени Д.Серикбаева;
3. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты;
4. Карагандинский государственный университет имени Е.А.Букетова;
5. Южно-Казахстанская государственная фармацевтическая академия;
6. Әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті;
7. РГПУ им. А.И. Герцена (Россия, г. Санкт-Петербург);
8. Ханойский университет (Социалистическая Республика Вьетнам, г. Ханой);
9. Инин педагогикалық университеті (ҚХР, Инин қ.);
10. Павлодарский государственный педагогический институт;
11. Специализированной казахско-турецкий школа-лицей-интернат г. Алматы;
12. Казахстанско-Российская школа-гимназия № 54 им. И.В.Панфилова;
13. Білім беру мекемесі «Аяжан» Медициналық колледжі (Қазақстан, Алматы обл. Қаскелең қ.);
14. Межлингвистическая гимназия №105 имени О.Джандосова;
15. Школа-гимназия №159 им. Алтынсарина;
16. КазНПУ имени Абая;
17. Институт магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ имени Абая.

Гостями конференции были: консул генерального консульства РФ в РК Переверзева И.В., представитель генерального консульствр КНР в РК Гао Чен, советник по торгово-экономическим вопросам посольства Испании в РК Сантамария Кристина, Хеддерих Якоб, представитель Германской службы академических обменов.

Также присутствовали коллеги из КазНУ им аль-Фараби., КазНМУ им. Асфендиярова, зав.кафедрами и профессорско-преподавательский состав КазНПУ им. Абая, сотрудники УМС нашего университета.

Конференция была посвящена 20-летию кафедры русской филологии для иностранцев.

У участников были следующие отзывы о конференции.

Студент 3 курса Института физики, математики и информатики КазНПУ имени Абая Махмутов Мухит: «Я считаю, что конференция прошла на высоком уровне. В конференции участвовали не только учащиеся Казахстана, но и КНР, Кореи, Вьетнама, Российской Федерации и других стран. Это говорит о том, что кафедру и Международную конференцию признали в разных странах мира.

Как отметили гости конференции: «эта конференция является своеобразной площадкой для диалога культур и ученых и студентов разных уровней». Тематика докладов была разнообразная. Хочу отметить, конференция была организована на высоком уровне.

Я как студент КазНПУ имени Абая участвую в этой конференции третий раз. Это дало мне возможность познакомиться со многими студентами не только из Казахстана, но и других стран мира, мы стали друзьями. С каждым годом число участников становится все больше, и больше.

Выражаю огромную благодарность Оргкомитету конференции и лично Сауле Баязовне от имени студентов, участвовавших в конференции, за то, что Вы даете шанс студентам проявить себя на такой большой конференции, которая не имеет аналога.»

Студент 1 курса института филологии и полиязычного образования, специальности международное право Анисимов Вячеслав: «Хочется выразить огромную благодарность организаторам VI Международной Научной конференции молодых учёных «Казахстан в международном образовательном пространстве» за прекрасную, профессиональную атмосферу, актуальные темы, хорошо подготовленную программу. Это была потрясающая встреча, которая проходила в режиме «поли-»: доклады и выступления звучали на нескольких языках, участниками были не только профессора, преподаватели, но и студенты, и даже ученики, также была представлена культура разных народов. Особенно меня поразили выступления: песни и танцы. Впервые я смотрел их не с тоской, а с упоением и интересом! Была показана и история кафедры, которая устроила это замечательное мероприятие. Действительно, студенческая жизнь может быть интересной и разнообразной, стоит только захотеть. Была возможность познакомиться с выступавшими сразу после открытия конференции у изысканного стола. Там мы могли попробовать традиционные казахские блюда, фрукты, сладости и одновременно поделиться своими мыслями с такими же идейными людьми. А те доклады, что прозвучали после фуршета, поражали своей актуальностью: преподаватели рассказывали о мероприятиях, скрашивающих учебные будни и налаживающих контакт между поколениями, студенты – о проблемах, касающихся нашего поколения, методах борьбы с ними. И каждый раз выступления вызывали бурные дискуссии, что ещё раз доказывает интерес слушателей. «Лучше быть предметом зависти», - говорил Геродот, и я горжусь тем, что побывал на этой конференции. Спасибо организаторам и руководителям, что обычные студенты могут принимать участие в таком замечательном мероприятии, где узнаешь много нового для себя!».

С.Б. БЕГАЛИЕВА,
В.А. КАЗАБЕЕВА

АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІ
МЕНШІК ИЕСІ:
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Бас редактор
Болат ШАРАХЫМБАЙ

Көркемдеуші-дизайнер
Сержан ҚАСЫМОВ

фототілші
Серік ИМАНҚҰЛОВ

Редакцияның мекен-жайы:050010
Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 30-үй, № 323-бөлме.
Байланыс тел.: +7 /727/ 291-18-65
Газет бүкіл республикаға тарайды.

Тапсырыс № 186
Индекс 65285
Таралымы 1000
● Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
● Редакцияға түскен материал қайтарылмайды.

Газет "ҰЛАҒАТ" баспасының баспаханасында басылды.
Баспа директоры
Әлібек НАУРЫЗБАЕВ
Баспаның мекен-жайы: 050010
Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 30 - үй.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.01.2009 ж. тіркеліп, тіркеу туралы №9874 -Г куәлігі берілген